



EGEMEN QAZAQSTAN

2 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, ЖҰМА №23 (30752)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

ҚТЖ: Өндірістік көрсеткіш – 7 пайыз



Суретті түсіргендер – А.ДУСЕНБЕК, Е.ІКІБЕК

Мемлекет басшысы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады. Басқарма басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компания қызметінің 2023 жылғы негізгі нәтижесі және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы есеп берді.

Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, кейінгі үш жылда «Қазақстан темір жолының» негізгі өндірістік көрсеткіштерінде өсім байқалады. Былтыр жүк айналымы 7 пайызға артып, 270 миллиард тонна-километрге жетті. Транзиттік тасымалдау көлемі 18 пайызға ұлғайып, 27 миллион тоннадан асты. Нәтижесінде, компанияның кірісі өткен жылмен салыстырғанда 29,3 пайызға өсіп, 1,9 триллион теңгені құрады. Компания 154 миллиард теңге таза пайда тапты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда төрт есе көп әрі компанияның рекордтық көрсеткіші саналады.

Президентке «Достық – Мойынты», Алматы стансасын айналып өтетін теміржол желісін салу және басқа да ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы туралы баяндалды. Бүгінгі таңда 350 шақырымнан астам жол төселген. Аталған жобалардың іске қосылуы мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін арттырады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сянь қаласындағы құрғақ портта жүк терминалының құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді. Қытайдың ең ірі логистикалық хабында орналасқан бұл терминал елімізге қарай жүктердің тұрақты тасымалдануын қамтамасыз етеді және отандық экспорттаушылар үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады.

Әлемдік «Huawei», «Wabtec» және PSA секілді жетекші компаниялармен бірге «Ақылды теміржол» жобасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа шешімдердің енгізілуі теміржолдың өткізу қабілетін ұлғайтуға, отын шығынын азайтуға және пойыздардың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның инвестициялық жобаларын іске асыру маңызды екенін атап өтіп, еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту мәселесіне баса назар аударды.

БАҚ – елдің айнасы

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының елімізде, әлемде болып жатқан оқиғаларға байланысты өз көзқарасы болуы керек. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты», деген еді. Ал былтыр Үкімет қаулысына сәйкес, қазақ журналистикасының ізашары саналатын «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі шыққан күн Ұлттық баспасөз күні болып бекітілді.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қазіргі таңда еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарын заман көшіне ілестіруге, саланы дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып жатыр деп айта

аламыз. Мәселен, былтыр наурыз айында Мемлекет басшысының Жарлығымен сөз бостандығын одан әрі қамтамасыз етуге, отандық медиасфераның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ақпараттық егемендікті нығайтуға бағытталған «Ақпараттық доктрина»

бекітілді. Тамыз айында Үкіметтің қаулысымен оны іске асыруға бағытталған іс жоспары қабылданды.

Жалпы, тәуелсіздік алғашқы бері баспасөз саласы қарқынды дамыды деп айтуға толық негіз бар. Мәселен, 1991 жылы тоғызыншы территорияда небәрі 10 республикалық газет пен журнал ғана жарық көретін. Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметіне сүйесек, 2024 жылы елімізде 5 804 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Соның ішінде 3 985 мерзімді басылым оқырманымен қауышып отыр (2 213 газет, 1 172 журнал). Бұдан бөлек, 212 телеарна, 90 радио, 1 222 ақпарат агенттігі мен интернет басылым бар.

(Соңы 3-бетте)



Коллаж жасаған: Жарым СЫЛДЫҚ, «ІД»

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2024 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 2024 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қатарынан запасқа шығарылысын.

2. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар 2024 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақырылысын.

3. Жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы 2024 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі мерзімді әскери қызметті өткеру үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне әскерге шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтарын жөнелтуді және мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткерген әскери қызметшілерді шығаруды қаржылай және материалдық қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **К.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 1 ақпан № 443

САРАПТАМА

Агробанк: Шаруаларға септігі тисе игі

Бұл мәселе көтерілгені көп жыл өтті. Әдепкіде шаруа күйттеген елдегі ағайынның осындай ішкі тілегі болған. Кейінгі он жылдықта барлық өңірде ашық айтылып, ел аралаған депутаттар алдында да жиі-жиі көтеріле бастады. Қуаныштысы, ауылдағы ағайын айтқан талап-тілек Астанаға да жеткен.

Ержан ҚОЖАС, «Egemen Qazaqstan»

Қолдау жоқ емес

Былтыр желтоқсан айының басында Парламенттің қос палатасындағы депутаттардың басым бөлігі Үкімет, Ұлттық банк

пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі алдына мәселені төтесінен қойды. Мұнда республика бойынша агро саладағы көп мәселені шешудің негізгі жолдарының бірі – мемлекеттік аграрлық банк құру туралы фермерлер мен шаруашылық

жетекшілерінің өтініші тағы да қаралды.

Сонымен, сең қайта жүргендей. Парламент депутаттарының, әсіресе «Ауыл» партиясы парламенттік фракциясының табандылығымен мәселе оң бағытқа ауысқандай. Бір жақсысы, банкке қатысты ұсынылған заң жобасын қараған мемлекеттік органдар мәселенің оң шешім табуына қарсы емес. Енді депутаттар жолдаған сауалға берілген жауаптың нағыз сүбелісін сөзбе-сөз келтірсек.

(Соңы 9-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Ұлттық қор – ұрпақ игілігіне

Елімізде балалардың да қазба байлықтан алар еншісі бар екені ескеріліп, шоттарына тұнғыш табыстары түсті. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында есептелген кірісті зейнетақы қорындағы (БЖЗК) шоттан көруге болады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бағдарламаға 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша кәметке толмаған, Қазақстан азаматы болып есептелетін барлық балалар қатысушы ретінде тіркелген. Дәл қазіргі сәтте бағдарламаға 2006 жылдан бері өмірге келген 6 919 131 бала қатысады.

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

6 миллионнан астам баланың 304 815-і 2024 жылы 18 жасқа толады. Олардың барлығына өткен

жыл үшін Ұлттық қордан 100 доллар және 52 цент мөлшерінде бірдей сома есептелген. Бұл – тек алғашқы есептеулер ғана. Жыл сайын сома Ұлттық қор активтерінің өсуі және инвестициялық кірісі алу

есебінен ұлғайып отырады. Бұдан бөлек, есептелген қаражат Ұлттық қордың валюталық активтерінің құрамында инвестициялануын жағастыра береді, сөйтіп, бала 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс әкеледі. Ескере кететін жайт, шотқа түсіп жатқан қаражатты қазір пайдалану мүмкін емес. 18 жасқа толғаннан кейін бағдарлама қатысушылары өздерінің нысаналы жинақтарын тұрғын үйге жұмсауға немесе білім алуға пайдалануға құқылы болады.

(Соңы 8-бетте)